

Баяндама

COM/ENR/REP/001/FINAL

ТӨРТІНШІ ОТЫРЫС
ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРІЛГЕН ОРГАНИЗМДЕР
«ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРІЛГЕН ОРГАНИЗМДЕРДІҢ
ӨРІСТЕУІНІҢ ӘСЕРІ»

I. КІРІСПЕ

1. 2017 жылғы 22 маусымда Астана қ. өткен Қоршаған орта және табиғи ресурстар бойынша комиссиясының үшінші отырысында төртінші отырыстың күн тәртібінің негізгі бағдары ретінде генетикалық түрлендірілген ағзалар туралы «Генетикалық түрлендірілген ағзалардың өрістеуінің әсері» мәселені қарау ұсынылған болатын.
2. ГТО өнімдердің алуан түрлілігі мен түржинағы бүкіл әлемде өсіп келе жатыр. Соңғы жылдары ГТО өнімдердің адам денсаулығына, биологиялық алуан түрлілікке және қоршаған ортаға келтіретін байқалатын қолайсыз әсерлер қоғамды мазасыздандырады. Құрамында ГТО бар өнімдердің зияны туралы жалпы қабылданған ғылыми деректер жоқ, сондықтан көптеген елдер ГТО өнімдерді импорттауға, өндіруге, өсіруге және пайдалануға тыйым салмайды.
3. 2016 жылы әлемде генетикалық өзгертілген өсімдіктері бар 185,1 миллион гектар екпіндеп кеңейіп келе жатқан өнделетін егіндік алқаптар болды. ГТО өсіру және құрамында ГТО бар азық-түлік өнімдерін өндіру бірқатар тәуекелдер тудырады. Экологтар кеңінен өсірілетін ГТО ауыл шаруашылығы үшін қауіп төндіретініне алаңдайды, өйткені осындай өсіру экожүйелерде айтарлықтай өзгерістер туғызу және биологиялық алуан түрлілікті жою мүмкін. Қоғамдық денсаулық сақтаудың қызметкерлері құрамында ГТО бар азық-түлік халықтың денсаулығына қауіп-қатер тудыратынымен беймазалы.

4. Бұндай тәуекелдерге аллергендік аурулардың өсуі, қатерлі ісіктер, бедеулік иммундық жүйенің нашарлауы, мутация, қартаюдың жылдамдауы және т. б. сияқты денсаулықпен болатын мәселелер жатады.
5. ТҮРКПА-ға қатысушы елдер сонымен бірге ГТО мәселесіне ерекше мән береді. Белгілі болғандай, ТҮРКПА-ға қатысушы елдерде, көптеген елдерде сияқты, ГТО реттеу және шектеу заңнамалық деңгейде жүзеге асырылады, сонымен бірге осы саладағы ғылыми зерттеулерге қандай болса да шектеулер жоқ. Шектеулердің негізгі себептерінің бірі елдердің биологиялық алуан түрліктерін сақтауда болады, бірақ тағы бір маңызды себеп- ол осы үдерістерді реттейтін биологиялық қауіпсіздік жүйесінің жоқ болуы.
6. Осы баяндаманың негізгі мақсаты- генетикалық түрлендірілген ағзаларды қатысушы елдерде пайдалануды бағалау және осы сұрақ бойынша аймақтық ынтымақтастықтың басым бағыттарын жасап шығару. Баяндама Әзірбайжанның, Қазақстанның, Қырғызстанның және Түркияның тиісті министрліктерінен алынған материалдарға, сонымен қатар тиісті халықаралық мекемелердің деректеріне негізделген.

II. ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРІЛГЕН ОРГАНИЗМДЕР (ГТО)

7. ГТО, немесе генетикалық түрлендірілген организм, - ол генетикалық құрамы зертханада гендік инженерияны немесе трансгендік технологияны пайдаланумен өзгертілген өсімдік, жануар немесе микроағза немесе басқа ағза. Табиғатта немесе дәстүрлі будандастыруда кездеспейтін өсімдік, жануарлардан алынатын, бактериялық және вирустық гендердің тұрақсыз қиыстырулары құрастырылады.
8. Алғашқы ГТО 1973 жылы сальмонелланың гендарын ішек таяқшасына көшіргенде алынған. 1980-ы жылдары мысалдардың және нәтижелердің саны өсті. 1980-ы жылдардағы ГТ-өнімдердің алғашқы мысалдарынан кейін нарыққа 1990-ы жылдары жүгері, картоп және қызанақтар сияқты генетикалық түрлендірілген азық-түліктер шықты.
9. Осы бағыттағы зерттеулердің негізгі мақсаты ғаламшар халқының өсіп келе жатқан сұранымын қанағаттандыруда, кедейліктің деңгейін төмендетуде және кейбір ауруларға жол бермеуде болады. Герберт Бойердің компаниясы рекомбинантты ДНҚ технологиясын пайдаланумен инсулинді ішек

таяқшасынан синтездеу жолымен алған. Қазіргі кезде инсулинді өндірудің осы әдісі медицинада кең қолданыс алды. Дегенмен, ГТО-нің адамның және жануарлардың денсаулығына, және де қоршаған ортаға келтіретін әсері әлі толық зерттелмеген, сонымен бірге зерттеушілердің көбі ГТО қауіп төндіретінін көрсетті.

10. Әлемде өсірілетін негізгі ГТО-дақылдары: жүгері, соя, мақта, қант қызылшасы, рапс, картоп, күріш, қызанақтар, темекі және т. б. ГТО өндіруші негізгі елдер:

№	Елдер	Генетикалық түрлендірілген дақылдардың жалпы көлемі (млн. гектар)	Өсірілетін ГТО-дақылдары
1	Америка Құрама Штаттары	72,9	жүгері, соя, мақта, күріш, қант қызылшасы, беде, папайя
2	Бразилия	49,1	соя, жүгері, мақта
3	Аргентина	23,8	соя, жүгері, мақта
4	Канада	11,6	жүгері, соя, рапс, қант қызылшасы
5	Үндістан	10,8	мақта

6	Парагвай	3,6	соя, жүгері, мақта
7	Пәкістан	2,9	мақта
8	Қытай	2,8	мақта, папайя, қызанақта р, тәтті бұрыш
9	Оңтүстік Африка	2,7	соя, жүгері, мақта

III. БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАР

11. Төменде генетикалық түрлендірілген дақылдарды және өнімдерді, немесе олардың заңға тәуелді актілерін, сонымен қатар олардың ортақ мақсаттарын реттеумен айналыстын халықаралық ұйымдардың тізімі келтіріледі:

- Биологиялық алуан түрлілік конвенциясы (БАТК) - 1992 жыл: Биологиялық алуан түрлілікті сақтауға, оның құрауыштарын тұрақты пайдалану мен әділ және тең негізде биологиялық ресурстарды пайдаланумен байланысты пайда алуға қатысты. БАТК-на 2004 жылы күшіне енген және тірі түрлендірілген организмдерді трансшекаралық тасымалдауды реттейтін Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі Картахен хаттамасы қабылданды.
- Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (ДСҰ) - 1995 жыл: Тауарларды және қызметтерді сатуға қатысты және де ашықтық пен дауларды реттеу ережелерін орнатады. Санитарлық және фитосанитарлық шараларды пайдалану бойынша келісім (СФК) өсімдік/көшет материалдардың, азық-түлік өнімдерінің және жемдердің зиянкестер мен ауруларға тәуекелдерін талдау рәсімдеріне негізделген.
- Халықаралық эпизоотикалық бюро (ХЭБ) - 1924 жыл: жануарлар және жануарлардан әзірленетін азық-түліктің сауда ережелерін үйлестіруді талап ететін жануарлардың инфекциялық ауруларына қатысты.

- Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенция (ӨКҚЖХК) - 1952 жыл: Өсімдік және өсімдік өнімдер зиянкестеріне қатысты және фитосанитарлық шаралар үшін халықаралық стандарттарды орнату үшін жауапты.
- Кодекс Алиментариус Комиссиясы (КАК) - 1972 жыл: Азық-түлік өнімдерді таңбалауға және азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздік саласындағы стандарттарға қатысты, халықаралық стандарттар мен ұсыныстарды жасап шығарады.
- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) - 1961 жыл: Халықаралық нормалардың, стандарттардың және саясат шараларының үйлестірілуін қамтамасыз етеді.

12. **Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі Картахен хаттамасы.** 2000 жылы Биологиялық алуан түрлілік конвенциясына 2003 жылғы 11 қыркүйекте күшіне енген Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі Картахен хаттамасы қабылданған. Хаттама заңды міндеттейтін келісім болып табылады және адам денсаулығы және биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен тұрақты пайдалану үшін қолайсыз салдар тудыратын заманауи биотехнологияларды пайдалану жолымен әзірленген ӨТО қауіпсіз тасымалдау, өңдеу және пайдалану үшін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етеді. 2018 жылдағы күйі бойынша хаттамада 198 тарап есептеледі. Хаттамада ерекше назар ӨТО-нің трансшекаралық жылжуына аударылады және БАТК шегінде әлемдік деңгейде келісілген биологиялық қауіпсіздіктің үйлестірілген режимін жасап шығару талпынысы жасалады. Дегенмен, ол адамдар үшін фармацевтикалық дәрі-дәрмектер болып табылатын ӨТО-нен және ГТО-нен жасалған өнімдер мәселесін көтермейді. Сонымен қатар Хаттамада ол тараптардың ДСҰ немесе басқа халықаралық келісімдер аясындағы құқықтарын және міндеттерін өзгермейтінін түсіндіретін тармақ бар.

IV. ГТО ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫТЫҚ-НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРІНДЕ

ӘЗІРБАЙЖАН

13. Әзірбайжан Хаттаманы 2005 жылғы 1 сәуірде бекітті және 2005 жылы биологиялық қауіпсіздік саласында өзінің ұлттық тұжырымдамасын әзірледі.

14. Азық-түліктік қауіпсіздік Әзірбайжандағы мемлекеттік аграрлық және экономикалық саясаттың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Әзірбайжан Республикасы Президенті 2001 жылғы 2 наурызда қол қойған «Әр азық-түліктік қауіпсіздігінің бағдарламасы» №640 Жарғысында азық-түліктік қауіпсіздіктің негізгі ықпалы болып адамның адамгершілігі, яғни, адамның негізгі құқығының бірі, табылады деп айтылған.
15. Әзірбайжан Республикасының Егін туралы Заңының 27 бабына сәйкес, Мемлекеттік тізілімде тіркелемген сұрыптағы дақылдар тек қана өсіру, зерттеулер, эксперименттер мен көрмелер жүргізу мақсаттарында импортталуы мүмкін. Гендік инженерияның негізінде алынған өсімдіктер дәндерін (генетикалық түрлендірілген немесе генетикалық түрлендірілген организмдердің) Әзірбайжан Республикасына импорттауға рұқсат берілмейді. Осындай дәндердің жеткізілуіне тек қана айрықша жағдайларда және атқарушы биліктің тиісті органы бекіткен тәртіппен рұқсат етіледі.
16. Әзірбайжанда биологиялық алуан түрлілік жүйесінің болмауы, мол генетикалық ресурстардың ластануына жол бермеу және халықтың денсаулығы үшін тәуекелдерді жою трансгендік өсімдіктерді егуге тыйым салуға әкелді.
17. Әзірбайжан Республикасы аймағына генетикалық түрлендірілген өсімдіктерді енгізу, тарату және мемлекеттік тізілімге енгізуге Әзірбайжан Республикасының «Екпе өсімдіктердің генетикалық ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану туралы» Заңының 21 бабына сәйкес тыйым салынған:
18. Ғылыми-техникалық кеңес аясында Әзірбайжан Республикасының аймағындағы зерттеу қызметтің бағыттарын анықтайтын, ГТО-мен байланысты әлеуетті қауіп-қатерлерді анықтайтын және тиісті түсініктемелер беретін ГТО мәселелері бойынша арнайы сарапшылық кеңес (бұдан әрі мәтін бойынша «сарапшылық кеңес») құрылған.
19. Сарапшылық кеңес Ұлттық ғылым академиясының, Ауыл шаруашылық министрлігінің, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің және Стандарттау, метрология және патенттер бойынша Мемлекеттік комитет сарапшыларынан тұрады.
20. ГТО-өсімдіктерді анықтау Әзірбайжан Республикасының Ғылым академиясының Генетикалық ресурстар институтының, Стандарттау, метрология және патенттер бойынша Мемлекеттік комитеттің

мамандырылған зертханаларында жүзеге асырылады. Осы саладағы халықаралық ынтымақтастық арқасында елде жоғары білікті кадрлық әлеует құрылды. Ұсынылған үлгіге генетикалық талдау жүргізіледі, және құрамында ГТО анықталған үлгілер қайтарылады.

21. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске енгізілген өзгерістерге байланысты, трансгендік өсімдіктерді түрлендіру, үлестіру және мемлекеттік тізілімге енгізу үшін Әзірбайжан Республикасында жеке тұлғаларға үш мың манат, лауазымдық тұлғаларға- он мың манат, заңды тұлғаларға- елу мың манат мөлшеріндегі айып салынады.
22. Әзірбайжан Республикасы Президентінің 13.11.2017 жылғы Жарғысымен мақсаты болып әлемдік тәжірибені зерделеумен, Дүниежүзілік сауда ұйымында мүшелігімен және азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздік жүйелерін және Картахен хаттамасы талаптарын есепке алумен қауіпсіздікті құру мәселелерін шешумен байланысты Азербайжан Республикасының Азық-түлік қауіпсіздік агенттігі құрылған. 2018 жылдан бастап Агенттікке тиісті мекемелермен бірге құрамында ГТО бар азық-түлік өнімдердің қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманы жақсарту тапсырылған.

ҚАЗАҚСТАН

23. Қазақстанда ГТ-дақылдарды өсірмейді. Ел Хаттаманы 2008 жылы бекітті. 2004 жылы биологиялық қауіпсіздік бойынша ұлттық тұжырымдама жасап шығарылған, сонымен қатар сол жылы өкімнің жобасы ұсынылған болатын.
24. Парламенттік комитет ҚР-ның 2011 жылдан бері парламентте болған «Гендік инженерияны мемлекеттік реттеу туралы» заңның жобасын қарастыруда. Кедендік одақтың Регламентіне сәйкес рұқсат етілмеген генетикалық түрлендірілген нысандардың 0,9 пайызына дейін жол беріледі (АҚШ Ауыл шаруашылық министрлігі, 2013 ж.).
25. Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік бойынша ұлттық тұжырымдамасы (ҚҰТ) биологиялық алуан түрлілікке және адамның денсаулығына кері әсер ету мүмкін ГТА мен ГТ-өнімдерге лайықты бақылау қамтамасыз етуге бағытталған және оларды пайдалануда қоғамдықты ақпараттандыру мен қатысуын көздейді. ҚҰТ әртүрлі мемлекеттік, қоғамдық және ғылыми құрылымдардың мүдделерін қамтиды. Сонымен қатар ол жүйенің тиімді қызмет етуі бойынша барлық қажет іс-шараларды көрсетеді.

26. Қазақстан Республикасының «Гендік инженерияның қауіпсіздігі туралы» Заңының жобасы (2004 ж.) гендік-инженериялық қызметтегі қауіпсіздіктің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін анықтайды және қоршаған орта мен халықтың денсаулығын ГТА-дың қолайсыз әсерінен қорғауға бағытталған. Заң ережелерін келесімен байланысты қызметтердің барлық түрлеріне қолдануға болады: 1) гендік инженерия әдістерін пайдаланумен әртүрлі мақсатты жабық жүйелерде ГТО қабылдаумен, қайталаумен, сынаумен және пайдаланумен; 2) қоршаған ортаға ГТО, қайта жаңғыртыла алатын тірі құрылымдарды, мысалы, дәндерді, түйнектерді, кесінділерді, тозаңды, спораларды және т. б. қоса алғанда, қасақана босатумен; 3) қоршаған ортаға ГТО байқаусыз босатумен; 4) ГТО саласындағы қандай болса да зерттеулермен, зертханалық, клиникалық, далалық сынауларды, өнеркәсіптік зерттеулерді қоса алғанда; 2) ГТО заңсыз трансшекаралық тасымалдаумен; б) ГТО шығарумен, сақтаумен және жоюмен.
27. «Гендік инженерияны мемлекеттік реттеу туралы» Заң жобасы (2011 ж.) ауыл шаруашылық биотехнологияны реттеу бойынша әртүрлі мемлекеттік органдардың жеке рөлдерін анықтайды. Осы Заңның ережелері гендік инженерияның мынадай түрлеріне қолданылады: 1) ӨТО/ГТА-ны жасау және (немесе) сынау бойынша; 2) ӨТО/ГТА-ны тұйықталған жүйелерде пайдалану; 3) ӨТО/ГТА-ны қоршаған ортаға шығару, ашық жүйелерде пайдалану; 4) ӨТО/ГТО-ның трансшекаралық орнын ауыстыру, транзиті, импорты және экспорты. Заңның 17 бабы ӨТО/ГТО қойылатын талаптарды анықтайды. ӨТО/ГТО-ға және олардың өмірлік циклы процестеріне (оның ішінде, жобалауға, өндіруге, пайдалануға, сақтауға, тасымалдауға, жоюға және кәдеге жаратуға) қойылатын талаптар техникалық регламенттермен белгіленеді. Сонымен қатар ӨТО-нің Қазақстан аймағы арқылы транзиті қаралады.
28. Кеден одағының Таңбалау бойынша Техникалық регламентіне (2013 ж.) сәйкес Қазақстанға ГТ-дақылдарды немесе өнімдерді импорттауға рұқсат етілген, сонымен бірге Беларусь, Ресей және Қазақстанның бүкіл кеден одағына қолданылатын Кеден одағының ережелері қажет.
29. Осы мәселе бойынша басқа тиісті нормативтік-құқықтық актілер- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы №160 Заңы, ол биологиялық қауіпсіздік мәселесін экологиялық талаптарды еске алумен реттейді, және жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің биологиялық қауіпсіздігін ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда реттейтін Қазақстан

Республикасының «Жануар әлемін қорғау, ұдайы өсіп-өнуі және пайдалануы туралы» №162-1 (1997 ж.) Заңы.

30.Қазақстан Республикасының Өсімдіктерді қорғау туралы № 331-ІІ Заңы (2002 ж.) өсімдіктерді зиянкестерден және өсімдіктердің ауруларынан қорғаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негізін анықтайды. Ол Қазақстан аймағында фитосанитарлық іс-шараларды жүргізгенде өнімді, оның сапасын сақтап қалуға және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға келтірілетін зиянға жол бермеуге бағытталған.

ҚЫРҒЫЗСТАН

31.Қырғызстан Хаттаманы 2005 жылы бекітті. Қырғыз Республикасының БАТК және Хаттама бойынша міндеттемелерін орындау бойынша құзыретті мемлекеттік органы болып Қоршаған орта және орман шаруашылығы бойынша мемлекеттік агенттігі табылады.

32.2005 жылы ЮНЕП-ГЭҚ жобасының аясында елдің биологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдасамасы әзірленді, Қырғыз Республикасының биологиялық қауіпсіздік туралы заңының жобасы әзірленді. Кейінгіде олар 2006 жылы үкіметпен мақұлданды және 2008 жылы парламентке қарау үшін ұсынылған болатын. Бұл заң жобасы қайта қарауға қайтарылған болатын, ал 2009-ы жылдан 2010 жылға дейін оны Қоршаған орта және орман шаруашылығы Мемлекеттік агенттігі басқа сарапшылармен бірлесіп қайта қарады. Қазіргі уақытта «Биологиялық қауіпсіздік туралы» заң жобасының қаралуы кейінге қатырылған.

33.Биологиялық қауіпсіздік бойынша ұлттық тұжырымдама (2005 ж.) биологиялық қауіпсіздік саласындағы саясаттың негізгі құрауыштарын; биологиялық қауіпсіздіктің реттеуші қырларын; оның әкімшілік құрылымын; үйлестірушілік механизмін және серіктестікті; тәуекелдерді бағалауды; қоғамдықты ақпараттандыру және оның шешімдерді қабылдауға қатысу механизмінің мониторингі, бақылауды және жауапкершілікті қамтиды.

34.Қырғыз Республикасының Биологиялық қауіпсіздік туралы заң жобасы (2005 ж.) гендік инженерияның әдістерінің көмегімен ӨТО/ГТО қауіпсіз өндірумен, оларды сынаумен, жабық жүйелерде пайдаланумен және қоршаған ортаға өндірумен, трансшекаралық жылжытумен байланысты қызметтер түрлерін реттейді, сонымен қатар адам денсаулығын және биологиялық алуан

түрлілікті қорғауды жүзеге асыру үшін субъектілердің құзыретін анықтайды және қоршаған ортаға қолайсыз әсерінің тәуекелін шектейді.

35.Қырғызстан Парламенті заң жобасын үшінші оқылымда мақұлдады: «Құрамында ГТО бар өнімдерді Қырғызстанда өсіруге, өндіруге, импорттауға және сатуға тыйым салу туралы». Ел ішінде өсірілген азық-түлік өнімдері және импортталатын азық-түлік өнімдері құрамында ГТО бар болуына тексерілетін болады, барлық генетикалық түрлендірілген азық-түліктен бас тартылады немесе ол жойылады. Экономика министрлігі құрамында ГТО бар өнімдерді басқару қиын, бірақ мүлде мүмкін емес деп айтып кетті.

36.Қырғыз Республикасында ГТО өнімдерді пайдалануды реттейтін нормативтік-құқықтық актілер болып табылады:

- «Кәсіпкерлік субъектілеріне тексерулер жүргізудің тәртібі туралы» Заң;
- «Кәсіпкерлік субъектілеріне тексерулер жүргізу тәртібі туралы» Заңы;
- «Дәндер туралы» Заңы
- «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңы
- Кеден одағының «Азық-түлік өнімдердің қауіпсіздігі» Техникалық регламенті

37.ГТО және ГТ таңбалануы мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- Өнім - генетикалық түрлендірілген организм (ГТО)
- ГТ-өсімдіктерден және микроорганизмдерден (түпкі өнімде ГТО анықталу мүмкін) жасалған азық-түлік өнімдері және құрауыштар
- Қырғыз Республикасында құрамында 0,9%-дан астам ГТО бар бүкіл азық-түлік өнімдерде Кеден одағының 021/2011 Техникалық регламентіне сәйкес арнайы таңбаламасы болу қажет.

38.Қырғыз Республикасында Денсаулық сақтау министрлігінің 3 зертханасы әрекет жасайды:

- Аурулардың алдын алу және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бойынша департаментінің Вирусологиялық және молекулярлық-генетикалық зерттеулер зертханасы
- Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталығының Бішкектегі зертханасы
- Аурулардың алдын алу және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің базасындағы Ош қаласындағы зертханасы.

ТҮРКИЯ

39.1998 жылғы 14 мамырдан бастап Биологиялық алуан түрлілік конвенциясының тарапы болып және 1998 жылдан бері Биологиялық қауіпсіздік бойынша Картахен хаттамасының қатысушысы болып, Түрік Республикасы 2000 жылғы 24 мамырда БАТК 5-ші конференциясы кезінде Хаттамаға қол қойды және 2003 жылғы 17 маусымда оны қабылдады (4898 акт, ОЈ 2003 жылғы 24 маусым). Ауыл шаруашылық және ауыл істері министрлігі, Ауыл шаруашылық зерттеулердің Басты басқармасы Хаттама үшін ұлттық үйлестіруші орталық болып тағайындалды.

40.Қолданыстағы заңнаманың шегінде, биологиялық қауіпсіздікпен тікелей байланысты жалғыз нормативтік-құқықтық акт болып Ауыл шаруашылық және ауыл істер министрлігі мен Ауыл шаруашылық зерттеулердің Бас басқармасы жүзеге асыратын және 1998 жылдан бері әрекет ететін «Өсірілетін трансгендік өсімдіктерді далалық сынау туралы коммюнике» табылады. Коммюникенің мақсаты- ауыл шаруашылық өндірісі үшін арналған генетикалық түрлендірілген өсімдіктерді (ГТӨ) далалық сынаудың рәсімі мен қағидаттарын құру, және ол барлық генетикалық түрлендірілген өсімдіктерге, олар импортталтынына немесе жергілікті өндірілгендігіне қарамастан, қолданылады. Коммюнике өтінімдермен ұсынылатын тәртіп пен ақпаратты анықтайды, өтінімдерді бағалау үшін комиссияны белгілейді, Ауыл шаруашылық зерттеулердің Бас басқармасына өздерінің зерттеу институттарын тартумен ГТӨ далалық сынаулар жүргізуге өкілеттік береді және далалық зерттеулер үшін ережелерді анықтайды.

41.2006 жылы жарияланған Дәндер туралы Заңға сәйкес, құрамында ГТО бар дәндерді импорттау және пайдалануға рұқсат берілмейді. 2009 жылғы 26 қазанда «Азық-түлік өнімдері мен жануарлар үшін арналған жемдер үшін арналған генетикалық түрлендірілген организмдерді және олардың өнімдерін енгізу, өңдеу, экспорттау, бақылау және қадағалау туралы ереже» қабылданды, сонымен қатар осындай өнімдерді инспекциялау және бақылау жүйесі қабылданды.

42.Түркияның Биологиялық қауіпсіздік туралы Заңы 2010 жылғы 26 қыркүйекте күшіне енді. Заң жарияланғаннан кейін Түркияның Азық-түлік, ауыл шаруашылық және мал шаруашылық министрлігі генетикалық инженерия әдістерімен әзірленген азық-түлік өнімдері мен жемдерді импорттауға

өтінімдерді қарау үшін биологиялық қауіпсіздік бойынша тәуелсіз кеңес құрды. Қазіргі кезде жануарлар үшін арналған түркі жемде соя мен жүгерінің генетикалық инженерия әдістерімен жасалған 36 түрін пайдалануға рұқсат берілген. Генетикалық инженерия әдістерімен жасалған ең соңғы жаңа сұрыптар 2017 жылдың тамызында бекітілді, ал алты өтінім әлі күнге дейін қаралуда жатыр. Генетикалық инженерия әдістерімен жасалған сұрыптар азық-түлік өнімдерінде пайдалану үшін мақұлданбады, сондықтан азық-түлік өнімдерінің құрамында ГТО болуына тыйым салынған. 2016 жылғы 15 шілдеде Түркияда орын алған мемлекеттік төңкеріс талпынысы және үкіметтегі және академиялық шеңберлердегі кейінгі тергеулер 2016 және 2017 жылдарда бекіту үдерісін уақытша тоқтатып қойды.

43. Биологиялық қауіпсіздік туралы заң сақтық қағидатына, биологиялық ресурстарды және халық денсаулығын қорғауға және әр нақты жағдайда тәуекелді ғылыми бағалауға негізделген. Ол ГТО және олардың өнімдерін импорттауды, нарықта орналастыруын, қоршаған ортаға шығарылуын, азық-түлік өнімдерінде және/немесе жемдерде пайдалануын, қайта өңделуін, экспортталуын және транзитін реттейді. Ол барлық іс-шараларды, тәуекелдерді бағалауды және ГТО және олардың өнімдерімен байланысты қызмет туралы, атап айтқанда, зерттеу, әзірлеу, пайдалану, өндіру, тұтыну, өңдеу, сатуды, маркетинг, көлік, транзит, сәйкестендіру, құжаттандыру, қаптау, таңбалау, сақтау, бақылау, қадағалау, мониторинг және көздеу туралы ережелерді қоса алғанда, қамтиды.

44. Келесі қызметке заң жобасы тыйым салған:

- ГТА және олардың өнімдерін келісіммен бекітілген және болжалды пайдаланумен рұқсат етілген шарттарды бұзумен қолдану және/немесе пайдалану,
- ГТО және олардың өнімдерін балалар тағамызда пайдалану, импорттау және құрамында ГТО және олардың өнімдері бар балалар тағамдарын тарату, нәрестелер үшін арнайы әзірленген немесе олар үшін қауіпсіз деп танылған ГТО қоспағанда.
- ГТО-ді биологиялық алуан түрлілікті және генетикалық ресурстарды сақтау үшін арналған қорғалатын аудандар мен генетикалық алуан түрлілік орталықтарынан және органикалық ауыл шаруашылығы үшін бөлінген жерлерден тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша анықталатын қашықтықта өндіру.

45. Биологиялық қауіпсіздік туралы Заң қабылдағаннан кейін Министрлік Қауіпсіздік Кеңесін құрды. Кеңестің хатшылығы ретінде Ауыл шаруашылық саласындағы зерттеулер мен саясаты және Министрлік саясаты бойынша Бас басқарма болады. Кеңеске осы лауазымда екі кезекті үш жылдық мерзім ішінде қызмет атқара алатын тоғыз мүше кіреді. Кеңес мүшелері трансгендік нысандарды мақұлдауға өтінімдерді қарайды. Кеңес мүшелерінің көбі Азық-түлік, ауыл шаруашылық және мал шаруашылық министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Ғылым, өнеркәсіп және сауда министрлігінің, Қоршаған орта және қаладандыру министрлігінің, Орман және су шаруашылық министрлігінің және Экономика министрлігінің жоғары лауазымды шенеуніктері болып табылады. Әр министрлік министрлері өздерінің қызметкерлерінің біреуін Кеңесте жұмыс істеу үшін тағайындайды. Кеңестің университеттің немесе тиісті қауымдастықтың білікті сарапшылары (мысалы, агроном инженерлер немесе азық-түлік өнімдер бойынша инженерлер) арасынан таңдалатын мемлекеттік емес екі мүшесі Азық-түлік, ауыл шаруашылық және мал шаруашылық министрлік Министрімен тағайындалады. Заңның 10-1) бабында «Кеңес өзінің міндеттерін атқарғанда тәуелсіз болып табылады. Бір де бір ұйым, бюро, орган немесе тұлға Кеңеске қатысты бұйрықтарды немесе нұсқаулықтарды шығара алмайды» делінеді.

46. 2010 жылғы 13 тамызда Азық-түлік, ауыл шаруашылық және мал шаруашылық министрлігі Биологиялық қауіпсіздік туралы Заңның қолданыстағы ережесін жариялады. Бұл «Генетикалық түрлендірілген ағзалар (ГТА) жөніндегі ереже» және «Биологиялық қауіпсіздік Кеңесінің және Комитеттердің жұмыс қағидаттары туралы ереже».

47. Жоспарлау бойынша Жоғары кеңес 2015 жылғы маусымда Түркияда 2015 ждан 2018ж. дейінгі кезеңде жүзеге асырылу қажет болатын «Биотехнология саласындағы стратегия мен әрекеттер жоспарын» қабылдады. Жоспар бір құжаттар биотехнологияның бүкіл қырларын (ауыл шаруашылық, медициналық, өнеркәсіптік) қамтитын алғашқы қабылданған құжат болып табылады және мемлекеттік биліктің жоғары органына тиесілі. Жоспарлау бойынша Жоғары кеңестің Төрағасы болып премьер-министр, ал мүшелері болып Министрлер кабинетінің мүшелері, мысалы, Азық-түлік, ауыл шаруашылық және мал шаруашылық министрлігінің, Даму министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Қоршаған орта және қаладандыру министрлігінің, Көлік, теңіз және коммуникациялық ынтымақтастық министрлігінің,

Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің, Ғылым, өнеркәсіп және технологиялар министрлігінің, Орман және су шаруашылық министрлігінің және тиісті мемлекеттік мекемелер, жеке меншік сектор және ғылыми шеңберлер сияқты барлық мүдделі тараптардың өкілдері табылады.

48. Жоспарда оның миссиясы- «технологиялық ақпараттың деңгейін жақсарту, қосылған құны бар өнімдердің санын жоғарлату және биотехнология саласындағы жетекші елдердің қатарына кіру» деп көрсетілген. Оны Ғылым, өнеркәсіп және технологиялар министрлігі университеттермен/ ғылыми шеңберлермен, іскерлік сектормен және тиісті үкіметтік мекемелермен ынтымақтастықта әзірлеген. Жоспардың жалпы мақсаттары:

- құқықтық және әкімшілік құрылымды реттеу
- техникалық инфрақұрылымды жақсарту
- ГТ-құрауыштардан әзірленген өнімдердің өндірісін жоғарлату
- ауыл шаруашылық, денсаулық сақтау және өнеркәсіптік биотехнология секторларын жақсарту

Ауыл шаруашылық биотехнологиясымен байланысты нақты мақсаттар:

- биологиялық қауіпсіздік туарлы Заңға және басқа тиісті заңнамаға түзетулер енгізу
- ғалымдар үшін «арнайы бақыланатын өрістерді» бөлілудің ережелерін және қағидаттарын анықтау

V. ТҮРКПА ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕРДІҢ ЫНТМАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

49. Елдер арасындағы ынтымақтастықтың қажеттілігі бірлескен тәжірибенің арқасында нормативтік қадағалауды жетілдіру, әлеуетті құру мен сауданы қолдау жолымен коммерциялауға шығындарды қысқарту құралы ретінде құпталады.

50. Хаттамада биотехнологияларды тиісті пайдалану және тәуекелдерді бағалауды пайдалану мен тәуекелдерді басқару үшін институциялық және кадрлық әлеуеттің дамуындағы өңірлік және субөңірлік ынтымақтастықтың рөлі құпталады.

51. ЮНЕП-ЖЭҚ биологиялық қауіпсіздік, ресурстарды бірігіп пайдалану (техникалық, материалдық және сараптамалық білімдер), тәжірибемен алмасу

(әдістемелік, материалдар және ноу-хау), ақпаратпен алмасу және әлеуетті құру саласында өңірлік ынтымақтастықтың төрт сала анықтады (ЮНЕП-ЖЭҚ Биологиялық қауіпсіздік бойынша тобы, 2006 ж.).

52. Биологиялық қауіпсіздікті жүзеге асырғандағы тиіседі өңірлік ынтымақтастық бағалау және тәуекелдерді бағалау мен ақпаратқа қойылатын талаптар хаттамаларында келісілудің кейбір деңгейін талап ететін болады. Топтың өңірлік немесе экономикалық деңгейлерінде әрекет етуші биологиялық қауіпсіздікті үйлестірудің бірқатар модельдері бар.
53. БҰҰ Азық-түліктік және ауыл шаруашылық ұйымы азық-түлік өнімдердің және тағамдық өнімділердің қауіпсіздігі бойынша бүкіл әлемдегі, біздің аймақты қоса алғанда, қауіпсіздігі бойынша аса сәтті жобаларды ұйымдастырады және қатысушы елдердің байланысты салаларындағы қызметкерлер құрамының білімі мен дағдыларын кеңейту бойынша жоспарланған іс-шараларды жүргізеді. БҰҰ Азық-түліктік және ауыл шаруашылық ұйымының осы бағыттағы қызметі жоғары бағаланады.
54. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) трансгендік өсімдіктердің және басқа ГТА-дың экологиялық тәуекелдерін/қауіпсіздігін бағалаумен айналасатын биотехнология саласындағы нормативтік қадағалауды үйлестіру бойынша Жұмыс тобын құрды (ЭЫДҰ, 2013ж.). ЭЫДҰ өсімдіктер биологиясы бойынша келісілген құжаттарды және үйлестіруді қолдау үшін жеке тақырыптарды дайындады (www.oecd.org/env/ehs/biotrack/).
55. Қатысушы елдер арасындағы өңірлік және субөңірлік деңгейдегі үйлестіру жоғарыда аталған модельдердің біріне елдердің ГТ-дақылдарды қабылдауға және олардың даму мен сауда басымдарына қатысты сәйкес келу мүмкін.
56. Үйлестіру туралы шешім сонымен қатар басқа ұлттық саясаттар мен айрықша құзыреттерге болжалды әсерлерге байланысты болады деген мойындалды. Аймақта елдердің өсу және экономиканың әртүрлі деңгейін есепке алумен шынымен мәселе бар.
57. Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының қолдауымен 2018 жылғы 16-18 сәуірде Стамбулда генетикалық түрлендірілген ағзалар (ГТА) бойынша өткізілген семинар біздің тиісті құрылымдарымыз арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарды. Қатысушы елдер сарапшыларында кездесу, ақпаратпен және өздерінің байланыстарымен алмаса алу мүмкіндіктері болды.

58. Бұрын айтылып кеткендей, шектеулердің негізгі себептерінің бірі елдердің биологиялық алуан түрліліктерін сақтауда болады, бірақ тағы бір маңызды себеп- ол осы үдерістерді реттейтін биологиялық қауіпсіздік жүйесінің жоқ болуы. Сондықтан заңнамадағы жағдайдың кейінгідегі жақсаруымен биологиялық қауіпсіздік жүйесін заманауи жетістіктерді пайдаланумен құру елінің экономикасы бағытында, әсіресе ауыл шаруашылығында, айтарлықтай жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызады.